

**"Саран қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі көрсететін мемлекеттік қызметтердің регламенттерін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 22 қарашадағы N 43/04 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 21 желтоқсанда N 2040 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 17 мамырдағы N 19/01 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 17.05.2013 N 19/01 қаулысымен.**

**Р К А О                    е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сакталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Әкімшілік рәсімдер туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы" 2009 жылғы 31 желтоқсандағы N 2318, "Асыл тұқымды мал шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2011 жылғы 29 сәуірдегі N 464 қаулыларына сәйкес, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру мақсатында, Саран қаласының

**әкімдігі**

**ҚАУЛЫ**

**ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік қызмет қөрсету регламенттері бекітілсін:

- 1) "Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру";
  - 2) "Ветеринариялық анықтама беру";  - 3) "Жануарға ветеринариялық паспорт беру".

2. "Саран қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі"

**мемлекеттік**

**мекемесі:**

1) осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының белгіленген тәртіpte бұқаралық ақпарат құралдарында ресми

**жариялануын**

**қамтамасыз**

**етсін.**

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Саран қаласы әкімінің орынбасары Маргарита

**Евгеньевна**

**Блокқа**

**жүктелсін.**

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

*Саран қаласының әкімі*

Саран

2012

Н

бекітілген

*C. Касимов*

қаласы

жылғы

22

43 / 04

әкімдігінің

қарашадағы

қаулысымен

## **"Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті**

### **1. Негізгі үфымдар**

1. Осы "Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентінде (бұдан әрі – Регламент) келесі түсініктер пайдаланылады:

- 1) жауапты орындаушы – уәкілетті органның маманы;
- 2) мемлекеттік қызметті алушы – жеке тұлға;

3) орталық – Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қарағанды облысы бойынша филиалының Саран қаласындағы бөлімі;

4) уәкілетті орган – аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округі әкімінің аппараты, облыстық маңызы бар қалалардың ауыл шаруашылығы бөлімдері.

### **2. Жалпы ережелер**

2. Осы Регламент "Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 бабына және "Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы N 2318 қаулысына сәйкес әзірленді.

3. Мемлекеттік қызмет осы Регламентке 1-қосымшада көрсетілген уәкілетті органдармен, сондай-ақ баламалы негізде осы Регламентке 2-қосымшада көрсетілген орталық арқылы көрсетіледі.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 3-бабы

1-тармағының 3) тармақшасы және "Жеке және занды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама (қағаз жеткізгіште) не мемлекеттік қызмет ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

### **3. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар**

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету барысы туралы ақпаратты мекенжайлары осы Регламентке 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген уәкілетті органнан және орталықтан, сондай-ақ Саран қаласы әкімдігінің интернет-ресурстарынан алуға болады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) уәкілетті органға өтініш берген кезде:  
мемлекеттік қызмет өтініш берілген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде  
көрсетіледі;

өтініш беруші өтініш берген күні көрсетілетін мемлекеттік қызметті алғанға дейінгі күтудің ең жоғары шекті уақыты – 10 (он) минуттан аспайды;

мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің ең жоғары шекті уақыты –  
10 (он) минуттан аспайды;

2) орталыққа өтініш берген кезде:  
осы Регламенттің 14-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды мемлекеттік қызмет алушы тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 2 (екі) жұмыс күннен аспайды;

өтініш беруші өтініш берген күні көрсетілетін мемлекеттік қызметті алғанға дейінгі күтудің ең жоғары шекті уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды;

мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің ең жоғары шекті уақыты –  
20 (жиырма) минуттан аспайды.

10. Мемлекеттік қызметті уәкілетті органда демалыс және мереке күндерінен басқа, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес күн сайын дүйсенбі мен жұма аралығында, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін көрсетеді. Қабылдау алдын ала жазылусыз және тездетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті орталықпен демалыс және мереке күндерінен басқа жұмыс күндері, дүйсенбі мен сенбі аралығында сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін үзіліссіз ұсынады. Қабылдау тездетілген қызмет көрсетусіз "электронды" кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

11. Келесі жағдайларда мемлекеттік қызмет алушыға мемлекеттік қызмет үсінудан бас тартылады:

1) осы Регламенттің 14-тармағында көрсетілген құжаттардың толық емес пакетін үсінғанда;

2) уәкілетті органның шаруашылық кітабында жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы деректер жок болғанда;

3) "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 40-бабында көзделген негіздемелер бойынша.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызмет алушы өтініш жасаған сәттен бастап мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру сәтіне дейін мемлекеттік қызметті көрсету кезеңдері:

1) мемлекеттік қызмет алушы уәкілетті органға жүгінеді немесе орталыққа өтініш береді;

2) орталықтың инспекторы өтінішті тіркеуді жүргізеді және орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторына береді;

3) орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторы құжаттардың тізілімін әзірлейді және уәкілетті органға жолдайды;

4) жауапты орындаушы түскен құжаттарды тексереді, қызмет көрсету нәтижесін ресімдейді, дәлелді бас тартуды не анықтаманы дайындайды, уәкілетті орган басшылығына қол қоюға ұсынады, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін орталыққа немесе мемлекеттік қызмет алушыға жолдайды;

5) орталықтың инспекторы мемлекеттік қызмет алушыға анықтаманы немесе дәлелді бас тартуды береді.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін мемлекеттік қызметті алушының құжаттарын қабылдауды бір тұлға уәкілетті органның және орталықтың жұмыс кестесінің негізінде жұмыс күні бойы жүзеге асырады.

#### **4. Мемлекеттік қызметтерді көрсету үдерісіндегі әрекет (өзара әрекет) тәртібінің сипаттамасы**

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы келесі құжаттарды үсінады:

1) уәкілетті органға өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті алушы жеке куәлігінің түпнұсқасын және оның көшірмелерін ұсына отырып, ауызша нысанда жүгінеді;

2) орталыққа өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті алушы Регламентке З-қосымшаға сәйкес, нысан бойынша өтініш және жеке куәлігінің түпнұсқасын береді.

15. Орталық арқылы мемлекеттік қызметті алу үшін, мемлекеттік қызметті

алушы осы Регламенттің 14-тармағында көрсетілген құжаттарды осы Регламентке 2-қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша орталықтың лауазымды тұлғаларына тапсырады.

16. Орталықта мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттарды қабылдағаны туралы мемлекеттік қызметті алушыға қолхат беріледі.

17. Мемлекеттік қызмет мемлекеттік қызметті алушыға немесе оның өкіліне (нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша) жеке өзі келген кезде ұсынылады.

18. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) тартылады – мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын уәкілетті органның және орталықтың жауапты тұлғалары:

- 1) орталықтың инспекторы;
- 2) орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторы;
- 3) уәкілетті органның басшылығы;
- 4) уәкілетті органның жауапты орындаушысы.

19. Эр әкімшілік әрекеттің, әр ҚФБ әкімшілік әрекеттер реттілігін және өзара әрекеттің мәтінді кестелік сипаттамасы осы Регламентке 4-қосымшада келтірілген.

20. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі әкімшілік әрекеттердің функционалдық өзара әрекеттің сызбасы осы Регламентке 5-қосымшада келтірілген.

## **5. Мемлекеттік қызметті көрсететін тұлғалардың жауапкершілігі**

21. Уәкілетті органның және орталықтың басшысы (бұдан әрі - лауазымды тұлғалар) мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетуді іске асыруға жауапты болады.

"Жеке қосалқы шаруашылықтың  
болуы туралы анықтама беру"  
мемлекеттік қызмет көрсету  
регламентіне 1-қосымша

## **Уәкілді органдардың тізімі**

| N | Мекеме атапу | Елді мекен атапу | Байланыс телефоны | Заны мекенжайы |
|---|--------------|------------------|-------------------|----------------|
| 1 | 2            | 3                | 4                 | 5              |
|   | Саран қаласы |                  |                   |                |

|   |   |                 |                   |   |
|---|---|-----------------|-------------------|---|
| 1 | "Саран қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" ММ | Саран қаласы    | 8 (72137) 5-11-75 | 101200, Саран қаласы, Жамқөшесі – 71 А          |
| 2 | "Ақтас поселкесі әкімінің аппараты" ММ                        | Ақтас поселкесі | 8 (72137) 5-50-24 | 101203, Ақтас поселке Кржиженовский көшесі – 27 |

Ескерту: ММ – мемлекеттік мекеме.

Жеке қосалқы шаруашылықтың  
болуы туралы анықтама беру"  
мемлекеттік қызмет көрсету  
регламентіне көрсету  
2-қосымша

## Халыққа қызмет көрсету орталықтарының, олардың филиалдары мен әкілдіктерінің тізімі

| N            | Атауы   | Орналасқан мекенжайы                  | Байланыс телефон  |
|--------------|---|---------------------------------------|-------------------|
| 1            | 2   | 3                                     | 4                 |
| Саран қаласы |   |                                       |                   |
| 1            | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінің<br>Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа<br>қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы<br>республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қарағанды облысы бойынша<br>филиалының Саран қаласындағы бөлімі | Саран қаласы<br>Жамбыл көшесі 71<br>А | 8 (72137) 5-11-75 |

Жеке қосалқы шаруашылықтың  
болуы туралы анықтама беру"  
мемлекеттік қызмет көрсету  
регламентіне көрсету  
3-қосымша

## Өтініш

Мен, \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., төлқүжат деректері (жеке қуәлік деректері))

және жеке тұлғаның тұрғылықты жері)

\_\_\_\_\_  
атынан әрекет  
(уәкілетті өкіл толтырады)  
ететін \_\_\_\_\_ негізінде  
(өкілеттілікті куәландыратын құжаттың деректеме)

маған жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беруді сұраймын

Мына құжаттарды қоса беремін:

Күні \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің/уәкілдегі өкілдің Т.А.Ә. және қолы)

/ \_\_\_\_\_

(сұранымды қабылдаған маманның Т.А.Ә. және қолы)

Сұранымды орындау/қарau нәтижесі: \_\_\_\_\_

тексерілді: күні \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

(маманның Т.А.Ә. және қолы)

"Жеке қосалқы шаруашылықтың  
болуы туралы анықтама беру"  
мемлекеттік қызмет көрсету  
регламентіне 4-қосымша

**Әр әкімшілік әрекеттің, әр ҚФБ әкімшілік әрекеттер реттілігінің және  
өзара әрекетінің мәтінді кестелік сипаттамасы**

### 1-кесте. ҚФБ әрекетінің сипаттамасы

Негізгі үдерістің іс-қимылдары (барысы, жұмыстар ағыны)

| 1. | Іс-қимылдың (барысы, жұмыстар ағыны) N   | 1   | 2  | 3  | 4                                  |
|----|--|---|--|--|------------------------------------|
| 2. | ҚФБ атауы  | Орталық инспекторы                            | Орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторы | Үәкілдегі органдың жауапты орындаушысы   | Орталықтың инспекторы              |
| 3. | Іс-қимылдың (үдерістің, операцияның, рәсімінің) атауы және олардың сипаттамасы | Құжаттарды қабылдау және тіркеу               | Құжаттарды қарau және жинақтау           | Құжаттарды қарau және анықтаманы немесе дәлелді бас тартуды әзірлеу                    | Анықтаманы нең дәлелді бас тартылу |
| 4. | Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-әкімдік шешім)                    | Орталық жинақтау бөлімінің инспекторына ұсыну | Үәкілдегі органға жолдау                 | Анықтаманы немесе дәлелді бас тартуды орталыққа не мемлекеттік қызметті алушыға жолдау | Анықтаманы нең дәлелді бас тарту   |

### 2-кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс – жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама берілген жағдайда

Негізгі үдеріс (барысы, жұмыстар ағыны)

| Орталық инспекторы | Орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторы | Үәкілдегі органдың жауапты орындаушысы | Үәкілдегі органдың басшылығы |
|--------------------|--|--|------------------------------|
|                    |  |  |                              |

|   |                                   |  |                       |
|---|-----------------------------------|--|-----------------------|
| 1. Құжаттарды қабылдау және тіркеу                  | 3. Құжаттарды қарau және жинақтау | 5. Құжаттарды қарau және анықтама әзірлеу                        | 7. Анықтамаға қол қон |
| 2. Орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторына ұсыну | 4. Үәкілетті органға жолдау       | 6. Уәкілетті органның басшылығына қол қоюға ұсыну                | -                     |
| 9. Мемлекеттік қызметті алушыға беру                | -                                 | 8. Анықтаманы орталыққа немесе мемлекеттік қызмет алушыға жолдау | -                     |


**3-кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы үдеріс – жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беруден бас тартқан жағдайда**

Баламалы үдеріс (барысы, жұмыстар ағыны)

| Орталық инспекторы                                  | Орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторы | Уәкілетті органның жауапты орындаушысы                                      | Уәкілетті органның басшылығы |
|---|--|---|------------------------------|
| 1. Құжаттарды қабылдау және тіркеу                  | 3. Құжаттарды қарau және жинақтау        | 5. Құжаттарды қарau және дәлелді бас тартуды әзірлеу                        | 7. Дәлелді бас тартуға қою   |
| 2. Орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторына ұсыну | 4. Үәкілетті органға жолдау              | 6. Уәкілетті органның басшылығына қол қоюға ұсыну                           |                              |
| 9. Тұтынушыға беру                                  | -  | 8. Дәлелді бас тартуды орталыққа немесе мемлекеттік қызметті алушыға жолдау | -                            |

**"Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету**  
регламентіне 5-қосымша

**Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі әкімшілік әрекеттердің функционалдық өзара әрекетінің сыйбасы**



Саран

2012

N

бекітілген

қаласы

жылғы

43 / 04

22

әкімдігінің

қарашадағы

қаулысымен

## **"Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті**

### **1. Негізгі ұғымдар**

1. Осы "Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентінде (бұдан әрі - Регламент) келесі түсініктер пайдаланылады:
  - 1) жауапты орындаушы – облыстық маңызы бар қаланың, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің жергілікті

атқарушы органы бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері;  
2) тұтынушы – жеке және заңды тұлға;  
3) уәкілдегі орган – облыстық маңызы бар қаланың ветеринария бөлімі, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округі әкімінің аппараты.

## 2. Жалпы ережелер

2. Осы Регламент "Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 бабына және "Асыл түқымды мал шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі N 464 қаулысымен бекітілген "Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес өзірленді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжай осы Регламентке 1-қосымшада көрсетілген уәкілдегі органмен көрсетіледі.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10 бабы 2-тармағы 20-1) тармақшасының және 35-бабы 2-тармағының негізінде жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі ветеринариялық анықтама (қағаздағы тасымалдағышта) беру (бұдан әрі – анықтама) не жазбаша түрдегі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы көрсетіледі (ветеринариялық анықтаманың бланктерін беру). Тұтынушы екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы мемлекеттік сатып алу туралы конкурс нәтижесі бойынша анықталған бланктің құнын төлеуді .

Тұтынушы мемлекеттік қызметке ақы төлеу кезінде келесі құжаттардың нысандарын толтырады:

- 1) қолма-қол ақы төлеу тәсілі кезінде – ақы төлеу туралы түбіртек;
- 2) "Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 179 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесіне (

нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 1155 болып тіркелген) сәйкес қолма-қол жасалмайтын ақы төлеу тәсілі кезінде - төлем тапсырмасы.

### **3. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар**

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету барысы туралы ақпаратты мекенжайы осы Регламентке 1-қосымшада көрсетілген уәкілетті органнан, сондай-ақ Саран қаласы әкімдігінің интернет-ресурстарынан алуға болады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

- 1) мемлекеттік қызмет жүгінген күннің ішінде көрсетіледі;
- 2) мемлекеттік қызметті алуға дейінгі ең жоғары рұқсат етілетін күту уақыты 30 (отыз) минуттан аспайды;

3) мемлекеттік қызметті алушыға қызмет ұсынудың ең жоғары рұқсат етілетін уақыты 30 (отыз) минуттан аспайды.

10. Мемлекеттік қызмет "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Занында белгіленген демалыс және мереке күндерінен басқа, жұмыс күндері, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен көрсетіледі.

11. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін мыналар:

- 1) егер жануар, жануардан алынатын өнім және шикізат (бұдан әрі – объект) қолайсыз аймақтан тасымалданған жағдайда;
- 2) жұқпалы сипаттағы ауру анықталғанда;
- 3) жануардың жеке нөмірі болмағанда;
- 4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің, көлік құралының ветеринариялық-санитариялық талаптарға және қауіпсіздік талаптарына сәйкесіздігі негіз болып табылады.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушыдан құжаттар алған сәттен мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру сәтіне дейін мемлекеттік қызметті көрсету к е з е н д е р і :

- 1) тұтынушы уәкілетті органға жүгінеді және осы Регламенттің 15-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады;
- 2) уәкілетті органның жауапты орындаушысы түскен құжаттарды тексереді, қызмет көрсетудің нәтижесін ресімдейді, дәлелді бас тарту немесе анықтаманы дайындайды, басшылыққа қол қоюға ұсынады, тұтынушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді.

13. Мемлекеттік қызмет көрсетеу үшін тұтынушының құжаттарын қабылдауды бір тұлға уәкілетті органның жұмыс кестесінің негізінде жұмыс күні бойы жүзеге асырады.

#### **4. Мемлекеттік қызметтерді көрсетеу үдерісінде әрекеттер тәртібінің сипаттамасы**

14. Мемлекеттік қызмет тұтынушы не оның өкілі тікелей жүгінгенде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет тұтынушысының өтінішін жауапты орындаушы жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында, тұтынушының мемлекеттік қызметті алған күнін көрсетіп тіркейді.

15. Мемлекеттік қызметті алуға қажетті құжаттар және оларға қойылатын талаптар тізбесі :

1) жануарға ветеринариялық паспорт;

2) тері-жұн шикізатына, жануардың жеке номірі көрсетілген жапсырма міндетті түрде қажет;

3) ветеринариялық анықтама бланкі құнын төлеуін растайтын құжат.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетеу үдерісінде келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) тартылады – мемлекеттік қызмет көрсетеу үдерісіне қатысатын уәкілетті органның жауапты тұлғалары :

1) уәкілетті органның басшылығы;

2) уәкілетті органның жауапты орындаушысы.

17. Эр әкімшілік әрекетінің орындалу мерзімін көрсете отырып, әр ҚФБ әкімшілік әрекеттер реттілігінің және өзара әрекетінің мәтінді кестелік сипаттамасы осы Регламентке 2-қосымшада келтірілген.

18. Мемлекеттік қызмет көрсетеу үдерісіндегі әкімшілік әрекеттердің логикалық реттілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланысты көрсететін сызбасы осы Регламентке 3-қосымшада келтірілген.

#### **5. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі**

19. Уәкілетті органның басшысы (бұдан әрі – лауазымды тұлға) мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетуді іске асыруға жауапты болады.

"Ветеринариялық  
бекеру"  
көрсетеу  
1-қосымша

МЕМЛЕКЕТТІК

АНЫҚТАМА  
ҚЫЗМЕТ  
РЕГЛАМЕНТИНЕ

## Уәкілетті органдардың мекенжайлары

| N            | Мекеме атауы  | Елді мекен атауы | Байланыс телефоны | Заңды мекенжайы                                   |
|--------------|---|------------------|-------------------|---|
| 1            | 2   | 3                | 4                 | 5   |
| Саран қаласы |   |                  |                   |   |
| 1            | "Саран қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" ММ | Саран қаласы     | 8 (72137) 5-11-75 | 101200, Саран қаласы, Жамқөшесі – 71 А            |
| 2            | "Ақтас поселкесі әкімінің аппараты" ММ                        | Ақтас поселкесі  | 8 (72137) 5-50-24 | 101203, Ақтас поселкесі Кржиженовский көшесі – 27 |

Ескертү: ММ – мемлекеттік мекеме.

"Ветеринариялық  
бекеру"  
көрсетеу  
2-қосымша

МЕМЛЕКЕТТІК

АНЫҚТАМА  
ҚЫЗМЕТ  
РЕГЛАМЕНТИНЕ

## Әр әкімшілік әрекетінің орындалу мерзімін көрсете отырыш, әр ҚФБ әкімшілік әрекеттер реттілігінің және өзара әрекетінің мәтінді кестелік сипаттамасы

### 1-кесте. ҚФБ әрекеттерінің барысы.

Негізгі ұдерістің іс-қимылдары (барысы, жұмыстар ағыны)

| Іс-қимылдың (барысы, жұмыстар ағыны) N                                     | 1                                       | 2  | 3   | 4  |
|--|---|--|---|--|
| ҚФБ атауы  | Уәкілетті органның жаупапты орындаушысы | Уәкілетті органның жаупапты орындаушысы                          | Уәкілетті органның басшылығы                  | Уәкілетті орган жаупапты орындаушысы                 |
| Іс-қимылдың (ұдерістің, операция рәсімінің) атауы және олардың сипаттамасы | Күжаттарды тіркеу                       | Күжаттарды карау, анықтаманы немесе дәлелді бас тартуды дайындау | Анықтамаға немесе дәлелді бас тартуға кол қою | Анықтаманы нелдәледі бас тартуға кол тұтынушыға беру |
| Аяқтаудың нысаны (деректер, құжат, үйымдастыру - әкімшілік шешім)          |   | Анықтаманы немесе дәлелді бас тартуды басшылыққа қол қоюға ұсыну | -   | -  |
| Орындалу мерзімдері  | 30 минут                                | жүгінген күні бойы   | жүгінген күні бойы                            | 30 минут   |

### 2-кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі ұдеріс–ветеринариялық анықтама берілген жағдайда

Негізгі ұдеріс (барысы, жұмыстар ағыны)

|  |  |                              |
|--|--|------------------------------|
| Уәкілетті органның жауапты орындаушысы   | Уәкілетті органның жауапты орындаушысы   | Уәкілетті органның басшылығы |
| 1. Құжаттарды тіркеу                     | 3. Анықтаманы басшылыққа қол қоюға ұсыну | 4. Анықтамаға қол қою        |
| 2. Құжаттарды қарau, анықтаманы дайындау | 5. Тұтынушыға анықтаманы беру            | -                            |

### **3-кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы үдеріс–ветеринариялық анықтама ресімдеуден бас тартқан жағдайда**

Баламалы үдеріс (барысы, жұмыстар ағыны)

|   |   |                                |
|---|---|--------------------------------|
| Уәкілетті органның жауапты орындаушысы            | Уәкілетті органның жауапты орындаушысы            | Уәкілетті органның басшылығы   |
| 1. Құжаттарды тіркеу                              | 3. Дәлелді бас тартуды басшылыққа қол қоюға ұсыну | 4. Дәлелді бас тартуға қол қою |
| 2. Құжаттарды қарau, дәлелді бас тартуды дайындау | 5. Тұтынушыға дәлелді бас тартуды беру            | -                              |

**"Ветеринариялық  
береу"  
көрсету  
3-қосымша**

**мемлекеттік**

**а н ы қ т а м а**

**қ ы з м е т**

**р е г л а м е н т і н е**

**Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі әкімшілік әрекеттердің  
функционалдық өзара әрекет сыйбасы**

**Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі (барысы, жұмыс ағымы)**

| 1-топ КФБ   | 2-топ КФБ  | 3-топ КФБ   |
|---|--|---|
| <p>Уәкілетті органның жауапты орындаушысы құжаттарды қабылдап, оларды тіркеп, құжаттардың толық болуын тексереді. Дәлелді бас тартуды немесе анықтаманы рәсімдейді.</p> | <p>Уәкілетті органның басшылығы дәлелді бас тартуға немесе анықтамаға қол қояды.</p> | <p>Уәкілетті органның жауапты орындаушысы тұтынуышыға мемлекет қызмет көрсету нәтижесін береді.</p> |

Саран

2012

N

бекітілген

қаласы

жылғы

43 / 04

22

әкімдігінің

қарашадағы

қаулысымен

**"Жануарға ветеринариялық паспорт беру"  
мемлекеттік қызмет көрсету регламенті**

**1. Негізгі ұғымдар**

1. Осы "Жануарға ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентінде келесі түсініктер пайдаланылады:

- 1) жауапты орындаушы – облыстық маңызы бар қаланың, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің жергілікті атқарушы органы бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері;
- 2) тұтынушы – жеке және заңды тұлға;
- 3) уәкілетті орган – облыстық маңызы бар қалалардың ветеринария бөлімі,

аудандық маңызы бар қалалардың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округі әкімінің аппараты.

## 2. Жалпы ережелер

2. Осы Регламент "Әкімшілік ресімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 бабына және "Асыл тұқымды мал шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі N 464 қаулысымен бекітілген "Жануарға ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес әзірленді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайы осы Регламентке 1-қосымшада көрсетілген уәкілетті органмен көрсетіледі.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-бабы 2-тармағының 20) тармақшасының және 35-бабы 2-тармағының және "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы N 2331 қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі жануарға ветеринариялық паспортты (ветеринариялық паспорттың телнұсқасын, жануарға ветеринариялық паспорттың үзіндісін) (қағаздағы тасымалдаышта) беру не жазбаша түрдегі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы жүзеге асырылады (жануарға ветеринариялық паспорттың бланкісін беру). Тұтынушы екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы мемлекеттік сатып алу туралы конкурс нәтижесі бойынша анықталған бланктің құнын төлеуді .

Тұтынушы мемлекеттік қызметке ақы төлеу кезінде келесі құжаттардың нысандарын толтырады:

- 1) қолма-қол ақы төлеу тәсілі кезінде – ақы төлеу туралы түбіртек;
- 2) "Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 179 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның

қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесіне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 1155 болып тіркелген) сәйкес қолма-қол жасалмайтын ақы төлеу тәсілі кезінде - төлем тапсырмасы.

### **3. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар**

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша, сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету барысы туралы ақпаратты мекенжайы осы Регламентке 1-қосымшада көрсетілген уәкілетті органнан, сонымен қатар Саран қаласы әкімдігінің интернет-ресурстарынан алуға болады.

9. Мемлекеттік қызмет келесі мерзімдерде ұсынылады:

1) жануарға ветеринариялық паспорт беру (жануарға ветеринариялық паспортынан үзінді беру) мерзімі, жануарға жеке нөмір берген сәттен бастап немесе оны беруден бас тартқанда - 3 (үш) жұмыс күн ішінде;

2) жануарға ветеринариялық паспорттың телнұсқасын беру, жануар иесі жануарға ветеринариялық паспорттың жоғалғаны туралы өтініш берген күнінен бастап - 10 (он) жұмыс күн ішінде;

3) мемлекеттік қызметті алушыға қызмет ұсынудың ең жоғарғы рұқсат етілетін күту уақыты 30 (отыз) минуттан аспайды;

4) мемлекеттік қызметті алушыға ең жоғары рұқсат етілетін қызмет көрсету уақыты 40 (қырық) минуттан аспайды.

10. Мемлекеттік қызмет "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Занында белгіленген демалыс және мереке күндерінен басқа, жұмыс күндері, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен ұсынылады. Қабылдау алдын-ала жазылусыз және тездетілген қызмет көрсетүсіз, кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

11. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға, жануардың берілген бірдейлендіру нөмірі болмауы негіз болып табылады.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы өтініш жасаған сәттен мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру сәтіне дейін мемлекеттік қызметті көрсету кезеңдері:

1) тұтынушы уәкілетті органға жүргінеді;

2) уәкілетті органның жауапты орындаушысы түсken құжаттарды тексереді, мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін не дәлелді бас тартуды әзірлейді және ресімдейді, тұтынушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді.

13. Мемлекеттік қызмет көрсетеу үшін тұтынушының құжаттарын қабылдауды бір тұлға уәкілетті органның жұмыс кестесінің негізінде күні бойы жүзеге асырады.

#### **4. Мемлекеттік қызмет көрсетеу үдерісінде әрекеттер тәртібінің сипаттамасы**

14. Тұтынушы уәкілетті органға өтініш жасаған кезде:

1) жануарға ветеринариялық паспорт алу кезінде тұтынушыға қажетті құжаттар өткізгенін растайтын құжат қажет емес;

2) жануарға ветеринариялық паспорттың телнұсқасын (бұдан әрі – телнұсқа) немесе жануарға ветеринариялық паспорктан үзіндісін (бұдан әрі – үзінді) алу үшін жүгінген кезде, тұтынушының өтініші тіркеу журналына тіркеліп, мемлекеттік қызметті тұтынушыға күні мен уақыты, мерзімі және орны көрсетілген талон беріледі.

15. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы уәкілетті органға келесі құжаттарды ұсынуы қажет:

1) жануарға ветеринариялық паспорты алу үшін тұтынушы жануарға ветеринариялық паспортың бланкісінің құнын төлегенін растайтын құжатты береді. Бұдан басқа, жануарда - жануарға берілген бірдейлендіру нөмірі болуы қажет;

2) ветеринариялық паспортың телнұсқасын (жануарға ветеринариялық паспортан үзінді) алу үшін тұтынушы; еркін нысандағы жазбаша өтініш;

жануардың ветеринариялық паспортының жоғалған, булінген фактісін растайтын құжаттар (болған жағдайда) қоса береді.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетеу үдерісінде келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) тартылады – мемлекеттік қызмет көрсетеу үдерісіне қатысатын уәкілетті органның жауапты тұлғалары:

1) уәкілетті органның басшылығы;

2) уәкілетті органның жауапты орындаушысы.

17. Әр әкімшілік әрекеттің орындалу мерзімі, әр ҚФБ әкімшілік әрекеттер реттілігі және өзара әрекеттің мәтінді кестелік сипаттамасы осы Регламентке 2-қосымшада келтірілген.

18. Мемлекеттік қызмет көрсетеу үдерісіндегі әкімшілік әрекеттердің функционалдық өзара әрекет сыйбасы және логикалық тәртібі осы Регламентке 3-қосымшада келтірілген.

## **5. Мемлекеттік қызметтің көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі**

19. Уәкілетті органның басшысы (бұдан әрі – лауазымды тұлға) мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетуді іске асыруға жауапты болады.

**"Жануарға  
паспорт  
қызмет  
1-қосымша**

**б е р у"  
көрсету**

**в е т е р и н а р и я л ы қ  
м е м л е к е т т і к  
р е г л а м е н т і н е**

### **Уәкілетті органдардың мекенжайлары**

| N | Мекеме атауы  | Елді мекен атауы | Байланыс телефоны | Занда мекенжайы                                   |
|---|---|------------------|-------------------|---|
| 1 | 2   | 3                | 4                 | 5   |
| 1 | "Саран қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" ММ | Саран қаласы     | 8 (71032) 5-11-75 | 101200, Саран қаласы, Жам көшесі – 71 А           |
| 2 | "Ақтас поселкесі әкімінің аппараты" ММ                        | Ақтас поселкесі  | 8 (72137) 5-50-24 | 101203, Ақтас поселкесі Кржиженовский көшесі – 27 |

Ескерту: ММ – мемлекеттік мекеме.

**"Жануарға  
паспорт  
қызмет  
2-қосымша**

**б е р у"  
көрсету**

**в е т е р и н а р и я л ы қ  
м е м л е к е т т і к  
р е г л а м е н т і н е**

**Әр әкімшілік әрекеттің орындалу мерзімі, әр ҚФБ әкімшілік әрекеттер реттілігінің және өзара әрекетінің мәтінді кестелік сипаттамасы**

#### **1 кесте ҚФБ әрекеттердің сипаттамасы**

Негізгі үдерістің іс-кімділдер (барысы, жұмыстар ағыны)

|  |  |  |  |                                  |
|--|--|--|--|----------------------------------|
| Іс-кімділ (барысы, жұмыстар ағыны) N   | 1  | 2  | 3  | 4                                |
| ҚФБ атауы  | Уәкілетті органның жауапты орындаушысы   | Уәкілетті органның жауапты орындаушысы                   | Уәкілетті органның басшылығы                               | Уәкілетті орган жауапты орындауш |
| Іс-кімділ (үдерістің, операцияның, рәсімінің) атауы және олардың сипаттамасы | Құжаттарды қарастыру, паспортты, үзіндіні немесе дәлелді бастартуды дайындауда | Паспортты, үзіндіні немесе дәлелді бастартуды дайындауда | Паспортты, үзіндіні немесе дәлелді бастартуды тұтынуш беру |                                  |
|  |  |  |  |                                  |

|   |  |   |             |          |
|---|--|---|-------------|----------|
| Аяқтаудың нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-екімшілік шешім) | Құжаттарды қабылдағаны туралы талон беру | Паспортты, үзіндіні немесе дәлелді бас тартуды басшылыққа қол қоюға ұсыну |             |          |
| Орындалу мерзімдері   | 30 минут                                 | 2 жұмыс күн   | 1 жұмыс күн | 40 минут |

**2-кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс – жануарға ветеринариялық паспорт (жануарға ветеринариялық паспортан үзінді) берілген жағдайда**

Негізгі үдеріс (барысы, жұмыстар ағыны)

|   |   |                                |
|---|---|--------------------------------|
| Уәкілдеп органның жауапты орындаушысы       | Уәкілдеп органның жауапты орындаушысы             | Уәкілдеп органның басшылығы    |
| 1. Құжаттарды тіркеу                        | 3. Құжаттарды қарау, паспортты, үзіндіні дайындау | 5. Паспортқа, үзіндіге қол қою |
| 2. Құжаттарды қабылдағаны туралы талон беру | 4. Паспортты, үзіндіні басшылыққа қол қоюға ұсыну |                                |
|   | 6. Тұтынушыға паспортты, үзіндіні беру            |                                |

**3-кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы үдеріс – жануарға ветеринариялық паспорт (жануарға ветеринариялық паспортан үзінді) беруден бас тартылған жағдайда**

Баламалы үдеріс (барысы, жұмыстар ағыны)

|   |   |                                |
|---|---|--------------------------------|
| Уәкілдеп органның жауапты орындаушысы       | Уәкілдеп органның жауапты орындаушысы             | Уәкілдеп органның басшылығы    |
| 1. Құжаттарды тіркеу                        | 3. Құжаттарды қарау, дәлелді бас тартуды дайындау | 5. Дәлелді бас тартуға қол қою |
| 2. Құжаттарды қабылдағаны туралы талон беру | 4. Дәлелді бас тартуды басшылыққа қол қоюға ұсыну |                                |
|   | 6. Тұтынушыға дәлелді бас тартуды беру            |                                |

" Ж а н у а р ғ а

п а с п о р т

қ ы з м е т

3-қосымша

б е р у "

к ө р с е т у

в е т е р и н а р и я л ы қ

м е м л е к е т т і к

р е г л а м е н т і н е

**Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі әрекеттердің функционалдық өзара әрекетін көрсететін сыйбасы**

Мемлекеттік қызмет көрсету үрдісі (барысы, жұмыс ағымы)

| 1-топ КФБ   | 2-топ КФБ  | 3-топ КФБ  |
|---|--|--|
| <p>Уәкілетті органның жауапты орындаушысы құжаттарды қабылдап, оларды тіркеп, құжаттардың толық болуын тексереді. Жануарға ветеринариялық паспорт (жануарға ветеринариялық паспорттың үзіндісін) немесе дәлелді бас тартуды, ветеринариялық паспорттың телнұсқасын немесе дәлелді бас тартуды рәсімдейді.</p> | <p>Уәкілетті органның басшылығы жануардың ветеринариялық паспортына (ветеринариялық паспорттың телнұсқасына, ветеринариялық паспорттың үзіндісіне) немесе дәлелді бас тартуға қол қояды.</p> | <p>Уәкілетті органның жауапты орындаушысы тұтынушыға мемлекет қызмет көрсету нәтижесін береді.</p> |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК